



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 наурыздағы N 185 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 29 қыркүйек N 1482

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазгидромет" және "Қазавиамет" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын құру туралы № Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 наурыздағы N 185

Р 9 9 0 1 8 5 _

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., N 7, 51-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

реттік нөмірі 1-жолдағы "Астана" сөзі "Көкшетау" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 14-1-жолмен толықтырылсын:

"14-1. Гидрометеорологиялық мониторинг орталығы, Астана қаласы".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Икебаева А.Ж.